

ҰЛТ БОЛМЫСЫ



Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019

Әбдіжәміл
НҰРПЕЙІСОВ:
"ҚАЗАҚТЫҢ
ЧЕХОВЫ"
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:
"ЖАЗУШЫНЫҢ
ЖҮРЕГІ"
16-БЕТ

Сүлеймен
ШАТҒАН:
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ
НАЙЗАҒАЙ"
12-БЕТ

Рахымжан
ОТАРБАЕВ:
"БАС" романы
72-БЕТ

Рахымжан ОТАРБАЕВ:

**«Сіздермен қанаттас өмір
сүргеніме бақыттымын»**

«Басыңыз» бөлек дегім

ДАТ-та жұмыс істеп жүрген кезім. Бір күні редакторлығы сотталып, газеттің «Бас оқырманы» болып қалған Ер-ағам (Ермұрат БАПИ): «Әй, Жұқамыр Шөке, бері келші!» деп шақырды. «Жұқамыр Шөке» — менің бүркеншік есімім еді. Ол кезде студентпін. Билік үшін қызылкөз атанған ДАТ-тың «Тасжарғанында» жұмыс істейтінімді деканаттағы делдебайлар білсе, оқудан қуып жіберуі мүмкін. Онсыз да алғашқы бір мақаланы өз аты-жөніммен жазамын деп, біраз қудалауға түскен жайым бар-ды.

Бастық шақырған соң, есігін жұлқа тартып кіріп бардым.

— Сен бала, Алматыдан шықсаңшы! — деді, Бас оқырманым түйеден түскендей.

— Қайда? — дедім, сөзінің тұспалын түсіне алмай.

— Айтқыш шалдар ауылдарда тұрады. Солардан сұхбат ал! — деді, көз әйнегінің үстінен бетіме қарап. — Алматыдағы Қабдеш, Дулат, Темірхандарды әбден езіп болдың. Арқаныңды алысқа лақтыр! — деп сұқ саусағын шошайтты.

— Қайда? — дедім, тағы да көзім бақырайып.

— Атырауда Рахымжан Отарбаев деген жазушы тұрады. Бұғалыққа көнбейтін көкжалдың өзі. Рахаңнан сұхбат алсаң, екі қаламақы жазамын. Сұхбат дүйсенбі дайын болатын болсын! — деп, әй-шайға қаратпай, тапсырманы берді де тастады. Тапсырма болғанда да бұлтартпайтын бұйрықтай, сөзінің соңын шегелеп айтты.

Рахымжан Отарбаев деген кім еді? Аты-жөні таныс. Ойлана бастадым. Ол кезде интернет қазіргідей қолжетімді емес. «Гугл атай» (google) көмекке келе бермейді, мәлімет аз. Бастығымның кәбинетінен басым салбырап шықтым.

Жұмыстағы басқа журналистерден сұрай қояйын десем, аптаның соңы. Көбі үйлеріне қайтып кеткен. Басым ауған жаққа кетіп барамын. Көкбазардың тұсы болу керек, жолдың бойынан жазушы Серік Нұғманды кездестіріп қалдым. Қасында Сержан деген жігіт бар. Таныстырды. Бейжіңнен келіпті. Миллиардтардың арасында «Ұлттар баспасы» деген үлкен орталықта қызмет ететін көрінеді. Серік ағам «Жұқамыр Шөке» деген осы бауырың» деп мені таныстырып жатыр. Миымда басқа сұрақ. Соны сезді-ау деймін, Серекем «Қалың ойға шомып кетіпсің ғой» деп иығымнан қақты. «Тасжарғанның» тапсырмасын айттым. «Іздегенің алдында тұр» деп Секең Бейжіңнен келген жігітке қарады. Сөйтсем, Сержан — Рахымжан ағаның рухани бауыры екен. Сол жерде Рахаңның кітабын,

телефон номерін берді. Жатақханаға жеткенше, екі әңгімені аударып тастадым. Ойым он аунап түсті: ойпырмай, мынандай көркем тілмен, терең оймен, Атырауға қалай сыйып жүр екен? Журналиспіз деп кеудемізді қағамыз. Мұндай қаламгерді қалай танымаймыз? Алматыдағы жазушылардың әйдік басқосуларынан қалай көрмегенбіз? Осы қалың сұрақтың арасында отырып, Рахымжан Отарбаевқа қоңырау шалдым. Ол кезде ҚазҰУ-дың журналистер жатақханасында көне таксофон бар болатын. Газет-журнал сататын дүңгіршекте 500 бірлігі бар карточка сатып алдым да, Рахаңның үйіне ма, әлде жұмысына ма жалғадым. Телефонды кімнің көтергені анық есіме жоқ. Рахаңды сұрадым...

Әлгі көк таксофонға қанша уақыт жабысып тұрғаным есімде жоқ. Рахымжан ағамен бірлігім таусылғанша сөйлестім. Дауысы күндей күркірегенімен, үніннен мейірім, қамқорлықты сезіндім. Қызық болғанда, әңгімеге беріліп отырып сұхбат үшін хабарласқанымды ұмытып кетіппін. Қайтадан көшеге шығып, тағы да 500 бірлік әкеліп, әңгімемді жалғадым. Ермұрат ағаның сұхбат ал деген тапсырмасын да айттым...

Рахымжан Отарбаевпен алғашқы таныстығымыз осылай басталды. Әлгі сұхбат Алматыдағы жазушы біткенді бір сілкіп кетті. Редакцияға талай адам қоңырау шалып Рахаңның телефон нөмірін сұрап алды. Кейбіреулер Рахаңда да, маған да алғыс айтып жатты.

Жарты жылдан кейін болу керек, Қазақстан Жазушылар Одағының кезекті бір сайлауында Рахымжан ағамен жақынырақ танысудың сәті түсті. Жаратылысы бөлек жан екені тұлғасынан анық көрініп тұратын. Ұзын шашын артына қарай сілкіп тастап, салалы саусақтарымен күреп-күреп тарағанда, Мұқағали Мақатаевтың біз көріп жүрген анау бір суреттегі бейнесін көргендей боласың. Тұлғаларынан ұқсастық байқағандай болдым. Қауқылдасқан қалың жазушының ішінен шығып, менің маңдайымнан сүйіп, арқамнан қаққаны жүрегімді жытылып жіберді. Тіпті, көңілім босап кеткендей болдым. Қонақ үйге орналасқан екен, жазушылар одағының шай-тамағынан кейін сонда бардық. Көп әңгімелестік: әдебиет туралы, өзі көрген классик жазушыларды айтты. Атырауда туған алыптар хақында: өзі зерттеп жүрген Бейбарысты, Жәңгірханды қозғады. Түннің жартысына дейін отырдым. «Осында қона салсаңшы. Бір бөлме алып беремін», — деді. «Келіншегімнің аяғы ауыр еді», — деп ағама рақмет айтып қоштастым.



Содан бастап, Рахаңмен телефон арқылы әңгімелесіп тұратын болдық. Алматыға келген кезінде, уақыты жетсе, кездесіп, сұхбаттасып жүрдік. Таныстығымыз тереңдеген сайын, Отарбаевтың шығармашылығына деген құмарлығым арта берді. Жаңа әңгіме жазса, қайда шығатынын айтып «Оқы. Ойыңды айт» деп тұратын...

Алдыңғы жылы күзде КТК телеарнасының бір үлкен жобасымен Атырау топырағына табаным тиді. Мына қызықты қараңыз, бізді Рахымжан ағаның ұлы Ермерей күтіп алды әуежайдан. Біртоға, байсалды жігіт. Мен жолбойы Рахымжан ағаны сұрадым.

— Танимын — деді. — Кездесуім керек еді, — деп қоямын. — Бүгін жұмысында емес. Ертең болады, — деді. Күнде сөйлесіп тұра ма? Бұл қалай біледі? — деп ойлады. Сөйтсем, Рахамның жалғыз ұлы — Ермерейі екен ғой. Сол жолы ағамен театрда кездестік. Екі сағат тапжылмай отырып Атырауда туған алыптар хақында ұзақ сұхбат берді. Өкінішке қарай, фильмге қоса алмадық. Басшылық тақырып жағынан үндеспейді деген уәж айтып, Рахаңның сұхбаты мұрты бұзылмай қолымда қалды. Бірақ, өзі қайтқан кезде «Жас қазақ» газетіне сол сұхбатты толық шығардым. Көзі тірісінде бере алмағаныма қатты өкіндім! Айтпақшы, Атырауға барған сапарымызда ағаның уақыты аз болды. Таразға Несіпбек Дәутаевтың 70 жылдық тойына баруға асығып отыр екен. Сол күні ұшып кетті. Қасында жамбастап жатып әңгімелесем деген

үмітім бар еді, орындалмады. Өзі де «Айналайын, Жарасжан, елге бір келгенінде үйді көрсетіп, жеңгеңнің дастарханынан дәм таттыруым керек еді. Жағдай жар бермей тұр. Айып етпеші. Әлі кездесеміз», — деп, кешірім сұрағандай болды. Қайдан білейін, қазақтың Рахымжан Отарбаевын соңғы рет көріп тұрғанымды.

«Намаздыгер мен ақшамның арасында» деп әлдебір әңгімесін бастайтыны сияқты, содан кейін біз де намаздыгер мен ақшамның арасында телефон арқылы талай тілдестік. Жоспарлары көп еді. Жете алмады. Ауруханада жатқанында хабарласып тұрдым. — «Рух»-тың бәйгесіне «Басты» қостым. Бірақ, талаптарына келмей тұр. Түрік тілінде шығып қойып еді. Соны көлденең тартыпты, — деді. — Олар «Бастан» қорқады. Сіздің «Басыңыз» бөлек — дедім мен. Астарлап айтқанымды түсінді. Күлді.

Рахымжан Отарбаев туралы көп дүние жазуға болады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: Отарбаев жоғары деңгейде жазатын жазушы. Оны кез келген оқушы түсіне алмайды. Оның тілінің шұрайы, төгіліп түсетін афоризмдері, қаламының шымшымасы — бәрі-бәрі Отарбаевқа ғана тән. Қаламгердің бойындағы бірбеткей, қайтпас мінезі кез келген әңгімесінен көрініп тұратын. Жалпы, Рахаң өмірінің соңғы жылдары өзінің шығармашылығын насихаттау үшін ерінбей еңбек еткен жазушы. Марқұм, өмірінің қысқа қайырыларын сезсе керек! Бақұл болыңыз!

Алматы. 6 наурыз, 2016 жыл.